« Тайбай ауылының орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
тамыз айының 25-31 күндері аралығындағы күнтізбелік-тақырыптық жоспардың, ұзақ мерзімді жоспарлардың оқу бағдарламасына сәйкестігін тексеру туралы
Анықтама

Тексерудің мақсаты: Мектептің мектепалды даярлық, МАД, 1-11 сыныптардағы оқу процесіне ұсынылған бағдарламаға сәйкес дұрыс ұйымдастырылуын, күнтізбелік жоспарлардың талапқа, эстетикалық талғамға сәйкестігін тексеру.

Жауапты: Директордың оқу ісінің орынбасары Омарова Айгуль Масгутовна

Тексеру мерзімі: 25-31 тамыз 2023 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, мектеп директорының 2023 жылдың 01 тамыздағы №188 бұйрығы негізінде 2023 жылдың тамыз айының 25 -31-і күндері аралығында мектептің барлық мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ұзақ мерзімді жоспарлары тексерілді. Тексеру төмендегі комиссия құрамымен өткізілді.

1. – Л.Абилова гуманитарлық қоғамдық әдістеме бірлестігінің жетекшісі

2. С.Мукашева бастауыш сыныптарының әдістеме бірлестігінің жетекшісі

3.А.Зарымхан жаратылыстану-математика бағытының әдістеме бірлестігінің жетекшісі

Тексеру нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары 2023-2024 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып құрғаны анықталды. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы қарашадағы№ 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және

басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс

Мектебіміз 2023-2024 оқу жылында қазақ және орыс тілінде жүргізілетін сыныптарына 1-11 сыныптарға арналған үлгілі оқу жоспарын педагогикалық кеңесте қарастырдық. ҚР –ның 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша және 2- қосымшаны бастауыш сыныптарға алдық .(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2023 жылдың №264 бұйрығы негізінде Оқыту қазақ 5аб-9аб сыныптарда ҚР –ның 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 7-қосымша(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылдың №365 бұйрығы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудың үлгілік жоспарын және осы бұйрықты негізге ала отырып 6- қосымшасын алдық. 10-11-сынып оқушыларына ҚР –ның 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын алдық .(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылдың №365 бұйрығы

Білім беру процесінде «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) білім беру ресурстары оқулықтар, оқуәдістемелік кешендер, цифрлық ресурстар пайдаланылады.

-2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы негізінде, 2023 оқу жылында оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған 1-11 сыныптарға арналған үлгілі оқу жоспарымен таныстырды. 1-4 сыныптарға ҚР –ның 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, .(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2023 жылдың №264 бұйрығы негізінде 1-қосымшасы бастауыш сыныптарға алдық.) Оқыту қазақ 5-9 сыныптарда ҚР –ның 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16-қосымша(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылдың №194 бұйрығы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудың үлгілік жоспарын және осы бұйрықты негізге ала отырып 16- қосымшаны өткізілуі туралы талқыланды. 10-11-сынып оқушыларына ҚР –ның 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын алдық .(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылдың 85 қосымша) бұйрықтарына сәйкес

мектеп осы жүктемеде қалуды бір ауыздан қабылдады Оқу күндері мен демалыс күндері ескерілген. Бекітілген кестеге сәйкес құрылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы пән мұғалімдеріне нұсқау берілді. Пән мұғалімдері әдістеме бірлестік отырысына қатысып, нұсқаулықтар алды. Әдістеме бірлестік жетекшілерінің ұйымдастыруыменен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жоспарлауда әдістемелік бірлестік отырыстары өткізіліп, бағдарламалар мен жоспарлары қаралып, талқыланды.

11-сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құруда сабақ номері, сабақ тақырыбы, сағат саны, мерзімі, үй тапсырмасы, көрнекілік пен әдебеттер, ескерулер мен енгізулер бөлімдеріне бөлген. Жаңартылған бағдарлама бойынша 1-10-сыныптардың жоспарлары бөлімдер, тақырыптар, оқу мақсаттары, сағат саны, мерзімі, енгізулер бөлімінен тұрады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар түсінік хатымен жасалған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылған. Бірақ, кейбір жоспарларда кемшіліктер де кездесті. (сабақ мерзімінің қате немесе уақытылы қойылмауы). Ауызша айтылған ескерулерден кейін кемшіліктер түзетілді.

Тексеру нәтижесіндегі қорытынды:

1. Барлық мұғалімдер уақытылы жоспарларын өткізді.

2. Жалпы мұғалімдердің жоспарлары белгіленген бөлімдерге сәйкес жасалған. Бөлімдері анықталып, бөлінген. Сағат саны сәйкесінше бөлінген.

3. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған жоспарлар бір жылға әр сыныпқа жеке-жеке жоспарланған (Параллель сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерде екі сыныпқа бір жоспар құрылған)

4. Үй тапсырмаларын жоспарлауда, тоқсанның соңғы сабағында, бақылау жұмыстарынан кейін үй тапсырмалары берілмеуі ескерілген.

5. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылатын сыныптарда әр бөлімнен кейін жиынтық бағалау жоспарланған. Тоқсан соңында тоқсандық жиынтық бағалау жоспарланған.

ҰСЫНЫС:

1. Қателік жіберген мұғалімдер жіберілген кемшіліктерімен жұмыс жүргізіп, 02. 09 күнге дейін түзетілу енгізсін.

2. Іс-тәжірибе бөлісу мақсатында жыл бойында өткізетін ашық сабақтар мерзімін анықтасын.

3. Түсінік хатқа міндетті түрде күтілетін нәтижесі енгізілсін.

4. Оқу мақсаты бөлімінде мақсаттардың қойылуын назарға алсын.

5. Белгіленген үлгі бойынша берілген бөлімдердің жоспарлануына назар аудару.

6. Сынып журналдарының, «Күнделік кз»-тің жоспарланған күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша толтырылуы қадағалансын.

7. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардың енгізу бөліміне қажет болған жағдайда өзгеріс енгізілсін.

Орындаған: ДОІО Омарова А.М

«Тайбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылының КҮНДЕЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНА

Анықтама

«Тайбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ күн сайын, ай сайын күнделік жүйесінің жұмыс жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделе отырып әзірленді.

2023-2024 оқу жылындағы білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету:

Электронды журнал білім беру процесі мына негізде жүзеге асырылады: «Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» жобасын пилоттық енгізу туралы (2016ж.29 тамыз №536).

Жүйеде білім беру ұйымдарының жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 29.08.2016 жылдан бастап, №536 бұйрығымен Kundelik.kz жүйесі жүргізіліп келеді. Электрондық күнделік жүйесінде 2023-2024 оқу жылында мектебімізде 18 сыныппен бастадық. Оқушылар 2023-2024 оқу жылына көшірілді. Сабақ кестесі электронды журналға ендірілді. Сынып жетекшілер оқушылардың жеке мәліметтерін (оқушының аты-жөні, туған жылы, күні, айы, электрондық поштасы, мекен-жайы, ұялы телефоны, алфавиттік нөмірі, туысқаны тіркелді, ата-анасының ұялы нөмірі, медициналық көрсетілім беті толық толтырылды). Ата-аналарға, оқушыларға логин, порольдары толығымен таратылды. Мұғалімдерге күнделіктің жүргізілуі туралы нұсқаулықпен таныстырып, қол қойдырылды. Күнделікте өзгеріс болған сайын мұғалімдерге дер кезінде хабардар етіп отырдым. Сабақ барысы бойынша, ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер арасында кері байланыс жүргізіліп отырылды. БЖБ, ТЖБ жүргізу барысында, күнделік жүйесінде алдын ала хабарландыру жасалынып отырды. Пән мұғалімдері КТЖ күнделік жүйесіне ендірді. Мұғалімдер формативті бағалау жүргізіп, БЖБ, ТЖБ жұмыстарын уақытына алып, оқушыларға кері байланыс жүргізіліп отырды. Электронды сынып журналының жүргізілуі, қалыптастырушы және жиынтық бағаның дұрыс қойылуы, түзетілмеуі, тоқсан бойынша оқушылардың баға қоры, электронды журналдың жоспарға сай толтырылуы, оқушылардың сабаққа қатысуы (ауырғаны, кешіккені, себепсіз келмегені туралы мәліметтің дер кезінде толтырылуы), үй тапсырмасының, жалпы оқуға тарту бетінің дұрыс толтырылуы, журналдың мекен-жайы атын толтыру, эстетикалық талапқа сай толтырылуы қадағаланып отырылды. Әр тоқсан сайын стандарттың орындалуы қаралып отырады.. Мерекелік күндер кіріктіріліп жазылуына байланысты бұйрық шығарылды және екі тақырыпты бір күнге дроб арқылы жазылатындығы түсіндірілді. Пән мұғалімдерінің күнделік жүйесін талапқа сай орындауы үнемі қадағалануда болды. Пән мұғалімдері сабақ кезінде сабақ өткізілді белгісі, формативті бағалау, үй тапсырмасын қосу арқылы үйге тапсырма беру жұмыстары үнемі тексеріліп, уақытында түзетіліп отырылды.

Күнделік жүйесі бойынша, пән мұғалімдерін уақытында тексеріп, толтырылмаған жерлерін сол күні орындауы қадағаланды. 9, 11 сыныпты бітірген оқушылардың аттестаттары күнделік жүйесіне енгізілді. Кейбір түсінбеген сұрақтары болып жатқан кезде, видео арқылы мұғалімдерге жіберіліп толықтырулар жасалынды. Сонымен қатар апта және ай сайын күнделіктің жүргізілуі бойынша мониторинг жасалынып отырылды.

Директордың оқу ісінің орынбасары Омарова А.М